

**М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің
бракераждық комиссия отырысының хаттамасы
№1**

Күні: 10.09.2024

Қатысқандар:

Бракеражды комиссия құрамы:

- Комиссия төрағасы –мектеп директоры Ж.Т.Жанайдаров
- Комиссия төрағасының орынбасары –қамқоршылық кеңесінің төрағасы К.Т.Игисенов
- Комиссия хатшысы- К.К.Утепбергенова

Комиссия мүшелері:

- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Б.Ж.Қалапбергенова
- шаруашылық меңгерушісі-Б.Н.Садуакасова
- кәсіподақ ұйымының мүшесі-А.Утешинова
- медбике- О.Т.Ибрагимова
- ата-аналар комитетінің мүшесі –С.Атшыбаева

Күн тәртібіндегі мәселе:

- 1 . Жаңа оқу жылының басталуына ас блогы мен тамақтану залының дайындығы.
2. Ас әзірлейтін блоктың қызметкерлердің медициналық тексеруден өтуі
3. Комиссияның міндеттері мен талаптарымен, жұмыс жоспарымен таныстыру.
4. Оқушыларды тегін ыстық тамақтанумен қамтамасыз ету туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі *бірінші* мәселе бойынша бракеражды комиссия мүшелері асхананы аралап ас блогы мен тамақтану залының дайындығымен танысты. Мектеп асханасы талапқа сай, барлық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Ыдыстармен қамтылуы және ыдыс жуатын бөлменің жай күйі қанағаттанарлық. Мектеп жағдайында азық-түлік өнімдерінің сақталуы мен олардың қалыпты температурада сақтау жарамдылығы белгіленген талаптарға сай. *Екінші мәселе* бойынша мектеп медбикесі О.Т.Ибрагимова сөз сөйледі. Асхана қызметкерлерінің барлығы медициналық тексеруден өткен. Медициналық кітапша және жұмысқа жарамдылық рұқсаты асхананың барлық қызметкерлерінде бар. Аспазшылардың денсаулығын тексеріп, шикізат пен дайын тағамдардың жағдайына күнделікті бақылау жүргізіліп отырады, асхана санитарлық жағдайы, аспаздардың киім үлгісі барлық талаптарға сай. Күн тәртібіндегі *үшінші мәселе* бойынша 2024-2025 оқу жылыныңдағы бракераждық комиссия құрамын бекітіп, жылдық жұмыс жоспарымен таныстырылды. Асхана жұмысын бақылау мақсатында бракераждық комиссия құрылуы және құрамында әкімшілік, медицина қызметкерлері, ата-аналар және жауапты маман болуы тиіс. Комиссияның міндеттері мен талаптарымен, жұмыс жоспарымен таныстырылды. Комиссия мүшелері асханаға келген тағам


өнімдерінің сапасын, олардың сақталу мерзімі мен жағдайларын, дайындау технологиясына, ас блогының санитарлық жағдайына бақылау жүргізеді.

Төртінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Ж.Қалапбергенова сөз алды: Мектепте 1-4 кластар бойынша бір рет берілетін тегін ыстық тамаққа баратын оқушылар саны- 369 оқушы, 5-11 кластардағы ерекше санаттағы оқушылар саны-143 . Жалпы барлығы-оқушы. Адам басына бір тамақтану құны 603 теңгені құрайды. Ас мәзірі сыныптардың тамақтану кестесі бар. Бастауыш сынып пен ерекше санаттағы оқушылардың тамақтану мерзімі қойылып, ережесі сақталған. Күнделікті ас мәзірінде еттен, құс өнімі, сүт тағамдары, өсімдік және сұйық майлары мен нан өнімдері, жемістерден тұрады. Меню толық орындалады, тамақтың әзірлену сапасы жақсы. Балаларға ұсынылатын өнім талапқа сай.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Ас блогы мен тамақтану залының дайындығы қанағаттанарлық деп саналсын. Асхананың санитарлық жағдайы, асхана қызметкерлерінің тазалығын, денсаулығының санитарлық талаптарының орындалуын үнемі бракераж комиссияның бақылауында болсын.
2. Асхана қызметкерлерінің санитарлық кітапшалары талапқа сай қанағаттанарлық.
3. Бракераждық комиссия мүшелерінің мектеп асханасының жұмысын тексеру жұмыстары жалғасын тапсын.
4. Оқушылардың тегін ыстық тамақтанумен қамтамасыз етілуі әрі қарай жандандырылсын.

Комиссия төрағасы
Хатшы



Ж.Т.Жанайдаров
К.К.Утепбергенова

**М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің
бракераждық комиссия отырысының хаттамасы**

№2

Күні: 16.10.2024

Қатысқандар:

Бракеражды комиссия құрамы:

- Комиссия төрағасы –мектеп директоры Ж.Т.Жанайдаров
- Комиссия төрағасының орынбасары –қамқоршылық кеңесінің төрағасы К.Т.Игисенов
- Комиссия хатшысы- А.Т.Құлжан

Комиссия мүшелері:

- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Б.Ж.Қалапбергенова
- шаруашылық меңгерушісі-Б.Н.Садуакасова
- кәсіподақ ұйымының мүшесі-А.Утесинова
- медбике- О.Т.Ибрагимова
- ата-аналар комитетінің мүшесі –С.Атшыбаева

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. Тамақтандыруда әзірленген астың сапасы.
2. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы.

Тыңдалды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Ж.Қалапбергенова қатысушыларды мектеп асханасының жұмысы бойынша, сапалы тамақтандыру бойынша тексеру қорытындысымен таныстырды.Тексеру мақсаты: Асхананың санитарлық жағдайы. Азық-түлік сапасын тексеру, тамақты дайындау технологиясын, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарын тексеру, дайын тамақтар мен азық-түліктің сақталу талаптарының орындалуын тексеру.

Бірінші мәселе бойынша азық-түлік кестеге және сұранысқа байланысты әкелінеді. Күн сайын аспазшы дайын тамақтың тәуліктік бақылауын іске асырады. Ас ішу блогының өндірістік аумағында, шкафтар, стелаждар, санитарлық-техникалық жабдықтар жақсы жағдайда. Ас ішу үстелдері ыстық сумен жуғыш құралдарды қосу арқылы жуылады. Күн сайын мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі ілінеді. Шикі және дайын тамақтардың журналы бар. Асхананың санитарлы-гигиеналық жағдайы жақсы, барлық талаптар орындалатынын айтты.

Екінші мәселе бойынша: Комиссия мүшесі мектеп медбикесі О.Т.Ибрагимова мектеп асхананың санитарлық жағдайы жақсы, ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі, терезенің алды, үстелдер, стеллаждар, ыдыстар өз орнында таза, еден жуылған, асхана іші таза , тазалығы үнемі қадағалануда деді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі келісімге сәйкес үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын.
2. Мектеп асханасында бракераж комиссиясының санитарлық жағдайының бақылау жұмысы жалғастырылсын.

Комиссия төрағасы



Ж.Т.Жанайдаров

Хатшы

А.Т.Құлжан

**М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің
бракераждық комиссия отырысының хаттамасы
№3**

Күні: 04.11.2024

Қатысқандар:

Бракеражды комиссия құрамы:

- Комиссия төрағасы –мектеп директоры Ж.Т.Жанайдаров
- Комиссия төрағасының орынбасары –қамқоршылық кеңесінің төрағасы К.Т.Игисенов
- Комиссия хатшысы- А.Т.Құлжан

Комиссия мүшелері:

- директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Б.Ж.Қалапбергенова
- шаруашылық меңгерушісі-Б.Н.Садуақасова
- кәсіподақ ұйымының мүшесі-А.Утесинова
- медбике- О.Т.Ибрагимова
- ата-аналар комитетінің мүшесі –С.Атшыбаева

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. Асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайы және тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі мен сақтау шарттары
- 2.Оқушыларды тегін ыстық тамақтанумен қамтамасыз ету туралы, мектеп асханасындағы тамақтың әзірлену сапасы

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп дәрігері О.Т.Ибрагимова сөз алып мектеп асханасы мен ондағы тамақтардың сақталу жағдайына тоқталып өтті. Мектеп жағдайында азық-түлік өнімдерінің сақталуы мен олардың қалыпты температурада сақтау жарамдылығы белгіленген талаптарға сай. Әзірленген тамақтың сапасын, құрамы мен мақсатын анықтау мақсатында күнделікті тексеріліп отырады. Соның ішінде тағмының түсі, иісі, дәмі консистенциялық құрамы мен тамақтың температурасы бақыланады. Күнделікті ас мәзірінде еттен, құс өнімі, сүт тағамдары, өсімдік және сұйық майлары мен нан өнімдері, жемістерден тұрады. Тамақ өнімдерінің және дайын тағамдардың сақталу мерзімін, арнайы бракераж журналға жазылып отырады. Ас қоймасындағы тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі қаралып, мерзімі өткен тағамдар анықталмады.

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Б.Ж.Қалапбергенова сөз алды: асхананы тексеру барысында ас мәзірінің сапасы, мөлшері қанағаттанарлық.Нақты тамақтану рационы күнделікті мәзірге сәйкес.Тамақтану залының жалпы санитарлық жағдайы талапқа сай. Ыдыстары таза, сынық ыдыс жоқ.


Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Құлжан Айжан сөз алды: қазіргі таңда 1-4 кластар бойынша бір рет берілетін тегін ыстық тамаққа баратын оқушылар саны- 365 оқушы, 5-11 кластардағы ерекше санаттағы оқушылар саны-138, жалпы барлығы- 503оқушы. Асхана іші, тазалығы, ыдыс-аяқ, жиһаздың бүтіндігі, азық- түлік қоймасының тазалығы тексерілді. Жалпы асхананың санитарлық жағдайы, аспазшының сырт киім үлгісі барлық санитарлық талапқа сай. Дайын тағамның 1 күндік сынамасы бар.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайы және ыстық тамақ сапасы қанағаттанарлық.
2. Оқушылардың тегін ыстық тамақтанумен қамтамасыз етілуі әрі қарай жандандырылсын.

Комиссия төрағасы  Ж.Т.Жанайдаров

Хатшы



А.Т.Құлжан